

"Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2018 жылға арналған квотаны белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 23 желтоқсандағы № 865 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 757 қаулысы.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2018 жылға арналған квотаны белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 23 желтоқсандағы № 865 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 66-67, 409-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 16 қарашадағы
№ 757 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 865 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2018 жылға арналған квота

Р/с №	Экономикалық қызмет түрі	Жұмыс күшіне шаққанда %
1	2	3
1	Құрылыс	0,2091%
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру	0,0367%
3	Өңдеу өнеркәсібі	0,0272%
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	0,0017%

5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	0,0013%
6	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	0,0301%
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	0,0182%
8	Көлік және қоймаға жинау	0,0063%
9	Тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер	0,0132%
10	Ақпарат және байланыс	0,0049%
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	0,0033%
12	Жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар	0,0016%
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	0,0316%
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	0,0518%
15	Білім беру	0,0054%
16	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	0,0052%
17	Өнер, ойын-сауық және демалыс	0,0018%
18	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	0,0155%
	Жиыны	0,46%